



D. Serikbayev

**EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY**

Климаттың өзгеруімен күрес

**және тұрақты даму саласындағы саясат
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ**



МАЗМҰНЫ

1 КІРІСПЕ	3
2 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.1 Саясаттың негізгі мақсаттары	3
2.2 Саясаттың негізгі бағыттары	4
3 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР	4
4 ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ	4
5 РЕСУРСТАРДЫ ТҰРАҚТЫ БАСҚАРУ	5
6 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК	5
7. МОНИТОРИНГ, ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ ҰЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ	5
8 ҚОРЫТЫНДЫ	6

1. КІРІСПЕ

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) ХХІ ғасырда адамзат тап болып отырған жаһандық сын-қатерлерді, соның ішінде климаттың өзгеруі, экологиялық жағдайдың нашарлауы және табиғи ресурстардың таусылуын толық түсінеді. Осы сын-қатерлерге жауап ретінде университет өзінің білім беру, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік қызметі арқылы тұрақты дамуды ілгерілетуде белсенді рөл атқарады.

Тұрақты даму – университет стратегиясының негізі болып табылады және ол экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық қағидаттарын оның барлық қызмет саласына біріктіруге бағытталған. Климаттың өзгеруі мәселелері кешенді шешімдер мен жеке мекемелер, өңірлер және мемлекеттер деңгейінде мақсатты күш-жігерді талап етеді. Университет климаттың өзгеруімен күрес және табиғи ресурстарды тұрақты басқару үшін инновациялық шешімдерді іздеуге бағытталған білім беру мен ғылыми зерттеулер саласында көшбасшы болуды мақсат етеді.

Осы құжат университеттің тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық бағдарын білдіреді.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Саясат университеттің тұрақты даму және климаттың өзгеруімен күрес саласындағы жалпы қағидаттары мен қызмет бағыттарын реттейді. Саясаттың мақсаты – университет өміріне экологиялық қауіпсіз және тұрақты тәжірибелерді енгізу, соның ішінде білім беру, ғылыми зерттеу, ресурстарды басқару және сыртқы серіктестермен өзара әрекеттесу.

Университет білім беру және ғылыми мекеме ретінде тұрақтылық қағидаттарын стратегиялық және операциялық процестеріне интеграциялауға, үздік халықаралық тәжірибелер мен ұсынымдарға сүйенуге ұмтылады.

2.1 Саясаттың негізгі мақсаттары

Тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау саласында инновациялық шешімдерді әзірлеу және енгізу.

Университеттің көміртектік ізін және ресурстарын басқарудың тиімді тетіктерін енгізу.

Экологиялық және климаттық мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларға ие жаңа буын мамандарын даярлау.

Студенттерді, оқытушыларды және серіктестерді экологиялық бағытталған қызметке белсенді тарту.

2.2 Саясаттың негізгі бағыттары

Көміртек шығарындылары мен энергия тұтынуын мониторингтеу жүйесін әзірлеу және енгізу.

Қызметкерлер мен студенттерді энергия үнемділік тәжірибелеріне және жасыл технологияларды пайдалануға оқыту..

3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Университет тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау және антропогендік факторлардың әсерін азайту мәселелерін шешуге бағытталған зертханалар мен ғылыми-зерттеу орталықтарын құруды бастамалайды.

Білім беру үдерісіне табиғатқа теріс әсерді азайтуға бағытталған инновациялық технологиялар мен әдістер енгізіледі, бұл студенттер мен оқытушылардың экологиялық сауаттылығы мен жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Университет студенттер мен ғылыми қызметкерлердің халықаралық экологиялық жобаларға қатысуын қолдайды, білім мен тәжірибе алмасуды ынталандырады, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы үздік тәжірибелерді интеграциялайды..

4. ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ

Тұрақты даму және климаттың өзгеруі қағидаттарын білім беру бағдарламалары мен ғылыми курстардың барлық деңгейіне енгізу.

Студенттер, оқытушылар мен қызметкерлерге экология және тұрақты даму мәселелері бойынша тренингтер, семинарлар, дәрістер және өзге іс-шараларды ұйымдастыру.

Студенттердің экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобаларға студенттік бастамалар, конференциялар және ғылыми зерттеулер арқылы белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Студенттердің климаттың өзгеруімен байланысты экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі өз рөлін сезінуін қалыптастыру..



5. РЕСУРСТАРДЫ ТҰРАҚТЫ БАСҚАРУ

Университеттің барлық нысандарында су, энергия және табиғи ресурстарды тиімді әрі үнемді пайдалану қағидаттарын енгізу.

Қалдықтарды азайту жүйесін әзірлеу және енгізу, қайта өңдеу деңгейін арттыру және бір реттік материалдарды пайдалануды барынша қысқарту.

Қалдықтарды жинау және қайта өңдеу инфрақұрылымын құру, оның ішінде сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйелері.

Оқу және әкімшілік үдерістерде экологиялық таза және көп рет пайдаланылатын материалдарды қолдануды ынталандыру.

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

Өңірдегі қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға бағытталған қоғамдық экологиялық жобаларды ұйымдастыру және оларға қатысу.

Студенттер мен қызметкерлерді университет деңгейінде және одан тыс экологиялық қызметке тарту.

Климат пен табиғатқа әсерді азайтуға бағытталған бірлескен жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік органдармен, ғылыми мекемелермен және жеке сектормен ынтымақтастық орнату.

Тұрақты даму және климаттың өзгеруімен күрес саласындағы жергілікті қауымдастық бастамаларын қолдау.

7. МОНИТОРИНГ, ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ ҰЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ

Университет қызметінің экологиялық әсерін, соның ішінде көміртектік ізді, су, энергия және қалдықтарды пайдалану мониторингін енгізу.

Студенттерге, оқытушыларға және жұртшылыққа тұрақты даму саласындағы жетістіктер мен нәтижелер туралы тұрақты есеп беру.

Қызмет нәтижелерін талдау, университеттің экологиялық тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды әзірлеу және енгізу.

Университеттің тұрақты даму және экологиялық жауапкершілік жөніндегі халықаралық рейтингтерге қатысуы.

МОНИТОРИНГ

ЕСЕП БЕРУ

ҰЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ

8. ҚОРЫТЫНДЫ

Университет тұрақты даму және экологиялық жауапкершілік қағидаттарына берік. Университет қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға ықпал ететін озық ғылыми әзірлемелер мен технологияларды енгізу арқылы экологиялық таза және инновациялық университеттік орта құру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде.

Қоғам мен келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, университет экологиялық сауаттылықты арттыруға, ғылыми зерттеулерді дамытуға және тұрақты даму саласындағы үздік тәжірибелерді интеграциялауға күш жұмсайды.

Студенттер, оқытушылар, қызметкерлер және серіктестердің күш-жігерін біріктіре отырып, университет табиғи ресурстарды сақтауға және өркендеуді қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуды мақсат етеді.

